

«Электр станциялардың және желілердің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Электр станциялардың және желілердің электр жабдықтары (түрлері бойынша)» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда оқытуға, білім беру мекемелері қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы міндеттердің кең шеңберін шешуге арналған.

2. Осы кәсіби стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігі, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзыретінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

4) кәсіби кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

5) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

6) кәсіби топ – жалпы интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

7) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді, білікті және тәжірибелік дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметіндегі кәсіптерінің негізгі түрі;

8) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

9) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарығы жағынан мамандардың біліктілігіне сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

10) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

2) КС – кәсіби стандарт;

3) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

4) ҰБЖ – ұлттық біліктілік жүйесі;

5) ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарт атауы: Электр станциялардың және желілердің электр жабдықтары (түрлері бойынша).

5. Қызметтің кәсіби стандартын әзірлеу мақсаты: Электр станциялардың және желілердің электр жабдықтарына қызмет көрсету кезінде сұранысқа ие кадрларды бағалау, аттестаттау, даярлау және қайта даярлау үшін негіз ретінде.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: электрэнергетика саласына жататын негізгі кәсіптердің сипаттамасы, сондай-ақ электр станциялардың және желілердің электр жабдықтарын қамтамасыз етуді орындайтын жұмыскерлердің жұмысы мен еңбек функцияларының сипаттамалары.

7. Негізгі топ: Энергетика

Кәсіби топ: Электр станциялардың және желілердің электр жабдықтары (түрлері бойынша).

3. Кәсіптер карточкалары

8. Кәсіптер тізбесі:

Электр жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электрмонтері – СБШ бойынша біліктіліктің 2-4 деңгейі;

Электр станцияларының электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі – СБШ бойынша біліктіліктің 2-4 деңгейі;

Электр жабдықтарының, күштік және жарық беру желілерінің электр құрастырушысы – СБШ бойынша біліктіліктің 2-4 деңгейі;

Техник – электрик – СБШ бойынша біліктіліктің 4 деңгейі.

«Электр станциялардың және желілердің электр жабдықтары (түрлері бойынша)»
кәсіби стандартына қосымша

КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Электр жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электрмонтері»	
Кәсіптің коды	7233
Кәсіптің атауы	Электр жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электрмонтері
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-3
Кәсіби білім деңгейі	СБШ бойынша 2-деңгей
	Негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту).
Еңбек функциялары	1) Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз ету 2) Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөндеуін қамтамасыз ету 3) ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау
1-еңбек функциясы Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз ету	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2-3)
	Білігі мен дағдылары: 1. Қосу сызбасы орташа күш беретін және жарықтандыратын электр құрылғыларға қызмет жасау. 2. Электр желілеріндегі кернеуді оперативтік ауыстырып қосу арқылы, трансформаторларға, ажыратқыштарға, айырғыштарға, олардың жетектеріне тексеру жүргізу арқылы ведомстволық электр станцияларында, трансформаторлық кіші электр станцияларында қарапайым жұмыстарды орындау. 3. Қызмет жасалатын учаскеге орнатылған электр жабдығының жүктемесін реттеу. 4. Мегомметрмен оқшаулау күйін тексеру және және оның электр қозғағыштағы, трансформаторлардағы және кабельдік желілердегі кедергі мөлшерін өлшеу. 5. Қуаты 100 кВт дейінгі электр қозғағыштарға, электрсанауыштарға, және электр өлшегіш аспаптарға, 1000 В дейінгі желілерде пайдаланылатын тарату құрылғыларының жабдықтарына, қосушы-реттеуші аппаратураға қызмет жасау, оларды орнату және іске қосу.
	Білімі: 1. Тұрақты және айнымалы тоқты электр қозғағыштар мен генераторлар, трансформаторлар, тарату құрылғысының аппаратурасы және электр аспаптардың жұмыс істеу тәртібі. 2. Қызмет жасалатын учаскедегі электр жабдықты қоректендіру және орнату сызбасы. 3. Кең таралған және әмбебап арнайы құрылғыларды қолдану мідеті және шарттары; электр

	<p>қозғағыштарды іске қосу сөндіру тәртібі мен ережесі.</p> <p>4. Жарықтандыру арматурасын зарядтау және орнату ережесі (қыздыру лампасы бар қалыпты және шаңнан қорғалған).</p> <p>5. Қарапайым және күрделілігі орташа бақылау-өлшеу аспаптарын қолдану міндеті және шарттары.</p> <p>6. Электр қоңырауларды және басқа да сигналдық аспаптарды орнату ережесі.</p>
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөнделуін қамтамасыз ету</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Күш беретін және жарықтандыратын электр желілеріндегі, сонымен қатар технологиялық жабдықтың электр қозғағышындағы және электр сызбаларындағы ақаулар мен кемшіліктерді анықтау және жою.</p> <p>2. Кернеуі 1000 В астам сымдарды тарқату, ұластыру, оқшаулау және дәнекерлеу.</p>
	<p>Білімі:</p> <p>1. Күш беретін және жарықтандыратын электр желілерінің, қосушы-реттеуші аппаратураның, электр қозғағыштың ақауларының болуы мүмкін себептері.</p> <p>2. Электртехникалық материалдардың негізгі түрлері, олардың қасиеті және міндеті.</p> <p>3. Кернеуі төмен сымдарды ұластыру және дәнекерлеу тәсілдері мен амалдары.</p>
<p>3-еңбек функциясы</p> <p>ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <p>1. Қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау.</p> <p>2. Алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету.</p> <p>3. Өрт қауіпсіздігі ережесін орындау.</p> <p>4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындау</p>
	<p>Білімі:</p> <p>1. Жұмыс алдындағы, жұмыс барысындағы, апатты жағдайлардағы, жұмыс аяқталардағы қауіпсіздік талаптары.</p> <p>2. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету ережесі.</p> <p>3. Жұмыскерлердің өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттері; өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары.</p> <p>4. Өрт қауіпсіздігі ережесі.</p> <p>5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР Экологиялық кодексі</p>
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	<p style="text-align: center;">СБШ бойынша 3-деңгей</p> <p>Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту). Жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе</p>

	практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде.
Еңбек функциялары	<p>1) Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз ету</p> <p>2) Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөнделуін қамтамасыз ету</p> <p>3) ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау</p>
1-еңбек функциясы Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетуін қамтамасыз ету	<p style="text-align: center;">СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 4)</p> <p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қосу сызбасы күрделі күш беретін және жарықтандыратын электр құрылғыларға қызмет жасау. 2. Электр желілеріндегі кернеуді оперативтік толық сөндіру арқылы, трансформаторларға, ажыратқыштарға, айырғыштарға, олардың жетектеріне тексеру жүргізу арқылы ведомстволық электр станцияларында, трансформаторлық кіші электр станцияларында күрделілігі орташа жұмыстарды орындау. 3. Қорғаныс коммутациясы сызбасын және коммутациялық аппаратураны басқару сызбасын, сонымен қатар кернеуі 1000 В астам желілердегі тарату құрылғыларының жабдықтарын тексеру және қызмет жасау. 4. Қуаты 100 кВт артық электр қозғағышын және косинус фиді автоматты реттейтін статикалық конденсаторлардың қондырғыларын тексеру және қызмет жасау. 5. Люминесценттік шамдалдағы қосушы-реттеуші аппаратураны ауыстыру және арматураны жөндеу. 6. Көп қозғағышты агрегаттар мен станоктардың электр жабдықтарына қызмет жасау. 7. Тарату құрылғыларында 1000 В дейін кернеуді түсірмей, ал 1000 В жоғары – біліктілігі жоғарырақ электрмонтердің басшылық етуімен жұмыстарды орындау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тасымалданатын аспаптармен өлшеу ережесі. 2. Электротехника негіздері. 3. Активті және реактивті энергияны ток және кернеу трансформаторлары арқылы электр санауыштарға қосу сызбасы. 4. Әмбебап және арнайы құрылғылардың конструкциясы. 5. Электр жабдықтарын асқын кернеуден қорғау тәсілдері. 6. Электр қозғағыштың параметрлері; стартерсіз басқарылатын сызбасы бар люминесценттік шамдалдың, сонымен қатар ДСШ шамдалының қосушы-реттеуші аппаратурасының құрылысы және жұмыс істеу тәртібі. 7. Жоғары жиілікті құрылғының жұмыс істеу тәртібі және құрылысы.

	8. Жүк көтергіш және көліктік құрылғылардың жабдықтарының электр сызбасы. 9. Электр желідегі кернеуді түсірмей жұмыстарды орындау.
2-еңбек функциясы Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөнделуін қамтамасыз ету	Білігі мен дағдылары: 1. Көтергіш-кранды көліктік құрылғылардың электрлі сызбасындағы ақауларды іздеп табу және жою. 2. Сынапты қатты түзеткіштерді және қуаты 1000 кВт дейінгі жоғары жиілікті қондырғыларды баптау. Білімі: 1. Кабельдік электр желідегі ақауларды анықтау және оларды қосылыс муфталарын орнату арқылы жою тәсілдері. 2. Күрделі бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы, қолдану міндеті және шарттары. 3. Жүк көтергіш және көліктік құрылғылардың электр жабдықтарының электр сызбасы. 4. Сынапты қатты түзеткіштердің және қуаты 1000 кВт дейінгі жоғары жиілікті қондырғылардың құрылысы.
3-еңбек функциясы ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау	Білігі мен дағдылары: 1. Қауіпсіздік техникасы талаптарын және өрт қауіпсіздігі ережесін орындау. 2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындау. 3. Алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету. Білімі: 1. Жұмыс алдындағы, жұмыс барысындағы, апатты жағдайлардағы, жұмыс аяқталардағы қауіпсіздік талаптары. 2. Жұмыскерлердің өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттері 3. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары. 4. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету ережесі. 5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР Экологиялық кодексі
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	5
Кәсіби білім деңгейі	СБШ бойынша 4-деңгей Негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім болған кезде және практикалық тәжірибенің үш жылдан кем емес болуы Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық немесе ортадан кейінгі білім) практикалық тәжірибенің болуы талап етілмейді.
Еңбек функциялары	1) Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету 2) Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөнделуін қамтамасыз ету

	3) ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау
1-еңбек функциясы Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету	<p style="text-align: center;">СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4 (біліктілік разряды: 5)</p> <p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қосу сызбасы аса күрделі күш беретін және жарықтандыратын электр құрылғыларға қызмет жасау. 2. Қайталама коммутация және қарапайым релелік қорғаныс сызбасын бөлшектеу және құрастыру: максимальды-ток, дифференциальды және басқалар. 3. Бақылау-өлшеу аспаптарын және ведомстволық қосалқы станциялардағы, трансформаторлық электрлік қосалқы станциялардағы өлшегіш трансформаторларын ауыстыру. 4. Ағынды желіге қосылған машиналар мен агрегаттардың сызбаларына және электр жабдықтарына қызмет жасау, сонымен қатар технологиялық үдерісті автоматты реттейтін жабдықтарға қызмет жасау. 5. Статикалық жиілік түрлендіргіштеріне, ток, кернеу және жылдамдық бойынша кері байланыстағы тиристорлық түрлендіргіш-қозғағышқа қызмет жасау. 6. Ағынды-көліктік технологиялық желілерді автоматтандырылған басқару электр сызбасына қызмет жасау. 7. Электронды басқару сызбасы бар дәнекерлеу жабдықтарына, сонымен қатар жоғары жиілікті шамдалды генераторларға қызмет жасау. 8. Электр машина басқару жүйесі бар электр жабдықтарына қызмет жасау, сонымен қатар ток және кернеуі бойынша кері байланыстағы жабдықтарға қызмет жасау. 9. Тарату құрылғысында 1000 В астам кернеуді түсірмей жұмыс істеу. 10. Әртүрлі режимдегі және жүктемедегі косинус фиді арттыру бойынша есептеулерді орындау шараларын әзірлеу.
	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Телемеханика және электроника негіздері. 2. Қызмет жасалатын нысанның немесе учаскенің толық электрлік сызбасы. 3. Қайталама коммутация және қарапайым релелік қорғаныс сызбасы. 4. Бақылау-өлшеу аспаптарын баптау және реттеу ережесі. 5. Әртүрлі электр машинасы, аппараттар, өлшеу аспаптары, автоматты реттеу және телемеханика құрылысы және электрлік сызбалары, жоғары жиілікті тиристорлық инверторлардың жұмыс істеу тәртібі. 6. Ағынды-көліктік технологиялық желілердің автоматтандырылған электр сызбасы. 7. Пісіру жабдығы; ток және кернеуі бойынша кері байланыстағы электр машинасымен басқарылатын жүйесі бар агрегаттар мен станоктардың электр жабдықтары.

	8. Тарату құрылғысында 1000 В. астам кернеуді түсірмей жұмыс істеу ережесі. 9. Косинус фиді арттыруға арналған статикалық конденсаторларға сұранысты есептеу.
2-еңбек функциясы Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөнделуін қамтамасыз ету	Білігі мен дағдылары: 1. Кіші станцияның және технологиялық машиналардың электр техникалық жабдықтарының күрделі сызбаларындағы және құрылғыларындағы, автоматика және телемеханика аспаптарындағы ақауларды тексеру және жою. 2. Сынапты қатты түзеткіштерді және қуаты 1000 кВт дейінгі жоғары жиілікті қондырғыларды баптау. 3. Технологиялық жабдықтағы датчиктердің, реленің күрделі командоаппараттарын баптау. Білімі: 1. Электр жабдықтарына, кабельдерге және ауа желілеріне сынау жүргізу әдісі. 2. Күрделі электр аспаптары, сынап түзеткіш және аппараттар, сонымен қатар автоматты реттеу аспаптарын баптау және жөндеу ережесі. 3. Түрлендіргіштердің, машина және лампалы генераторлары бар жоғары жиілікті құрылғылардың жұмыс істеу тәртібі. 4. Технологиялық жабдықтағы датчиктердің, реленің күрделі командоаппараттарын баптау және жөндеу ережесі.
3-еңбек функциясы ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау	Білігі мен дағдылары: 1. Қауіпсіздік техникасы талаптарын және өрт қауіпсіздігі ережесін орындау. 2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындау. 3. Алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету. Білімі: 1. Жұмыс алдындағы, жұмыс барысындағы, апатты жағдайлардағы, жұмыс аяқталардағы қауіпсіздік талаптары. 2. Жұмыскерлердің өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттері 3. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары. 4. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету ережесі. 5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР Экологиялық кодексі
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	6
Кәсіби білім деңгейі	СБШ бойынша 4-деңгей Негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім болған кезде және практикалық тәжірибенің үш жылдан кем емес болуы Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық немесе ортадан кейінгі

	білім) практикалық тәжірибенің болуы талап етілмейді.
Еңбек функциялары	1) Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету 2) Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөнделуін қамтамасыз ету 3) ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау
1-еңбек функциясы Құрылғылар мен электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4 (біліктілік разряды: 6) Білігі мен дағдылары: 1. Өндірістік учаскелерге немесе бастапқы және қайталама коммутациясының және дистанциялық басқаруының аса күрделі сызбалары бар цехтарға қызмет жасау. 2. Қайталама коммутация және күрделі релелік қорғаныс сызбасын бөлшектеу және құрау: дифаздық, дистанциялық, резервті автоматты іске қосу (РАҚ) және басқалар. 3. Электроникасы бар игнитронды дәнекерлеу аппараттарына, сонымен қатар ультрадыбыстық, электронды және электроимпульстік құрылғыларға қызмет жасау және баптау. 4. Транзисторлық және логикалық элементті жартылай өткізгіш құрылғыны қолдана отырып күрделі сызбаны баптау және қызмет жасау. Білімі: 1. Қызмет жасалатын учаскедегі электр жабдықтарын қоректендіру және орналастыру сызбасы. 2. Электронды жүйенің күрделі релесі мен аспаптарының құрылысы мен конструкциясы. 3. Электроникасы бар игнитронды дәнекерлеу аппараттарына, сонымен қатар ультрадыбыстық, электронды және электроимпульстік құрылғыларға қызмет жасау ережесі. 4. Жартылай өткізгіштердің және селенді түзеткіштердің сұлбасы.
2-еңбек функциясы Электр станциялардың, желілердің және жүйелердің электр жабдықтарының жөнделуін қамтамасыз ету	Білігі мен дағдылары: 1. Жауапты, аса күрделі және экспериментальдық технологиялық жабдықтың сызбасын, сонымен қатар автоматты желілердің күрделі электрлік сызбаларын баптау және реттеу. 2. Электрлік өздігінен жазатын және электронды аспаптарға қызмет жасау, баптау және реттеу. 3. Бағдарламалық басқарылатын агрегаттарда басқару аспаптары және аппараттарды баптау, кемшіліктерін жою және реттеу. 4. Аса күрделі дистанциялық қорғанысты, сонымен қатар резервті автоматты іске қосатын құрылғыны баптау. 5. ЭМК жүйесі бар агрегаттар мен станоктардың, электр, ток, кернеу және жылдамдық бойынша кері байланыстағы тиристорлық түрлендіргіш-қозғағыштың жабдықтарын кешенді баптау және реттеу. 6. Электр қозғағыштары, электр аппараттары және трансформаторларын кешенді сынау.

	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Күрделі электр машинасы, аппараттар, аспаптар және автоматты желілердің конструкциясы және электр сызбасы. 2. Оперативтік жарықтандырумен телеметриялық басқару сызбасы және оперативтік басқару пульттерінің сызбасы. 3. Күрделі реле және электронды жүйе аспаптарының құрылысы мен конструкциясы. 4. Бағдарламалық басқарылатын агрегаттардағы басқару аспаптары мен аппараттары. 5. Резервті автоматты іске қосу құрылғысы. 6. Автоматты реттеудің телебасқару сызбасы және оларды баптау тәсілдері. 7. Күрделі электр машинасының, аппараттардың конструкциясы және электр сызбасы
3-еңбек функциясы ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қауіпсіздік техникасы талаптарын және өрт қауіпсіздігі ережесін орындау. 2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындау. 3. Алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыс алдындағы, жұмыс барысындағы, апатты жағдайлардағы, жұмыс аяқталардағы қауіпсіздік талаптары. 2. Жұмыскерлердің өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттері 3. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары. 4. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету ережесі. 5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР Экологиялық кодексі
Жеке құзыретіне қойылатын талаптар	Жауапкершілік
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	
КӘСІПТЕР КАРТОЧКАСЫ: «Электр станцияларының электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі»	
Кәсіптің коды	7233
Кәсіптің атауы	Электр станцияларының электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	2
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	2-3
Кәсіби білім деңгейі	СБШ бойынша 2-деңгей
	Негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту).

Еңбек функциялары	<p>1) Электр станцияларының және оның желілерінің электр жабдықтарын көшіру бойынша такелаждық жұмыстарды орындау</p> <p>2) Электр станцияларының электр жабдықтарының бөлшектерін өңдеу бойынша слесарлық жұмыстарды орындау</p> <p>3) Электр станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын жөндеу бойынша жұмыстарды орындау</p> <p>4) ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау</p>
<p>1-еңбек функциясы</p> <p>Электр станцияларының және оның желілерінің электр жабдықтарын көшіру бойынша такелаждық жұмыстарды орындау</p>	<p style="text-align: center;">СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2-3)</p> <p>Білігі мен дағдылары: 1. Қарапайым механикаландыру құралдарының көмегімен бөлшектер мен тораптарды көшіру, жинау, бөлшектеу, орнату бойынша такелаждық жұмыстарды орындау.</p> <p>Білімі: 1. Кабель салынған барабанды көшіру тәсілдері. 2. Кабельдерді жүргізу тәсілдері, кабель төсеу туралы жалпы мәліметтер және оларды таңбалау, жүк көтергіш механизмдерге қойылатын жалпы талаптар, электрлік көпірлі кранымен жұмыс істеу кезіндегі сигнал құрылғысы, такелаждық құрылғыларды сынау ережесі, электртехника және механика бойынша жалпы мпәліметтер</p>
<p>2-еңбек функциясы</p> <p>Электр станцияларының электр жабдықтарының бөлшектерін өңдеу бойынша слесарлық жұмыстарды орындау</p>	<p>Білігі мен дағдылары: 1. Бөлшектерді 12-14 сапалық белгі бойынша слесарлық өңдеу. 2. Бөлшектерді 11-12 сапалық белгі бойынша слесарлық өңдеу. 3. Электротехникалық жабдықтардың демонтаждалған бөлшектері мен жинақталған бірліктерін тазалау, жуу және сүрту. 4. Слесарлық құралдарды, керек-жарақты, аспаптар мен материалдарды жұмыс орнына апару, жұмысқа дайындау және жинау. 5. Қарапайым металл және оқшаулағыш конструкцияларды әзірлеу. 6. Қарапайым бөлшектердің ойығын ою және оларды материалдарды дайындау үшін белгілеу. 7. Үскілеу, арматуралау арқылы фарфор кірмелерін және істікшесін ауыстыру. 8. Істікше мен фарфор кірмелерді дәнекерлеп ауыстыру. 9. Ток жүретін кірме бөлшектерін қалайылау.</p> <p>Білімі: 1. Слесарлық, монтерлық және өлшеу құрал-саймандарының, құрылғылардың, қорғаныс құралдарының міндеті және құрылысы. 2. Рұқсат ету және орнату жүйесі.</p>

<p>3-өңбек функциясы Электр станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын жөндеу бойынша жұмыстарды орындау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Электр машинасының, кернеуі 3 кВ дейінгі күш беретін кабельдердің, кернеуі 10 кВ дейінгі қуаты 1 тыс. кВ•А дейінгі I және II габаритті күш беретін құрғақ және майлы трансформаторларының, кернеуі 10 кВ дейінгі тарату құрылғысының жабдықтары мен аппаратурасының, кернеуі 35 кВ дейінгі кірмелердің қарапайым бөлшектері мен тораптарын бөлшектеу, жөндеу және жинау. 2. Кернеуі 10 кВ дейінгі жабық тарату құрылғыларының электр машиналары мен қосуды реттегіш аппаратурасын бөлшектеу, жөндеу және жинау. 3. Қуаты 10 мың кВ·А кернеуі 35 кВ дейінгі екіорамалы трансформаторларды күрделі жөндеу және техникалық тексеру. 4. Қуаты 500 кВт дейінгі тұрақты және ауыспалы ток электр машиналарының орамалары мен катушкаларын жөндеу, орамалар мен кірмелер оқшаулағышының кедергісін мегаомметрмен өлшеу. 5. Кабель оқшаулағышын ылғалға тексеру. 6. Кернеуі 10 кВ кабельдің муфтасы мен воронкасын кесу және бөлшектеу. 7. Май тазартқыш аппаратураға пайдалану-жөндеу қызметін көрсету. 8. Тарату желілері жабдықтарын сыртқы тексеру. 9. Шиналауды бекіту және жинау жолақтарын тексеру, бұзылған оқшаулағыштарды ауыстыру, ажыратқыштардың жетектерін тексеру. 10. Жинақты тарату құрылғысының бос камералары жұмысын тексеру. 11. Фасонды және дөңгелек өткізгіштерді оқшаулау жөнінде оқшаулау білдектеріндегі жұмыс.
	<p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тарату құрылғысының жабдықтары мен аппаратурасының, күш беретін трансформаторлардың, дәнекерлеу және өлшегіш, төмен вольтты және жоғары вольтты кірмелердің, электр станцияларының төмен вольтты электр машиналарының, орналасуы және міндеті, олардың жұмыс істеу тәртібі, паспорттық қалқан бойынша электр техникалық жабдықтың негізгі параметрлерін анықтау тәсілі, электр техникалық жабдықты жөндеу кезінде қолданылатын материалдар туралы мәліметтер, кабель төсеу туралы жалпы мәліметтер және олардың маркалануы. 2. Қызмет көрсетілетін электр жабдықтардың құрылысы және оны қоршаған ортаның әсерінен қорғау тәсілдері, электр жабдықтарын жөндеу жөнінде жұмыстарды орындау ережесі, синхронды және асинхронды, анық полюсті және анық полюсті емес машиналардың арасындағы айырмашылық, турбогенераторларды суыту тәсілдері, электр жабдықтарын оқшаулау туралы жалпы мәліметтер және оқшаулағышты сынау нормалары, май толтырылатын кабельдер мен арматуралар және олардың аппараттары туралы, кернеуі 35 кВ дейінгі кірмелердің мақсаты, құрылысы мен жөндеу қызметін көрсету, релелік қорғаныс туралы ұғым.

4-еңбек функциясы ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау. 2. Алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету. 3. Өрт қауіпсіздігі ережесін орындау. 4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыс алдындағы, жұмыс барысындағы, апатты жағдайлардағы, жұмыс аяқталардағы қауіпсіздік талаптары. 2. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету ережесі. 3. Жұмыскерлердің өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттері. 4. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары. 5. Өрт қауіпсіздігі ережесі. 6. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР Экологиялық кодексі.
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	3
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	<p style="text-align: center;">СБШ бойынша 3-деңгей</p> <p>Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе кәсіпорында оқыту). Жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде.</p>
Еңбек функциялары	<ol style="list-style-type: none"> 1) Электр станцияларының және оның желілерінің электр жабдықтарын көшіру бойынша такелаждық жұмыстарды орындау 2) Электр станцияларының электр жабдықтарының бөлшектерін өңдеу бойынша слесарлық жұмыстарды орындау 3) Электр станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын жөндеу бойынша жұмыстарды орындау 4) ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау
1-еңбек функциясы Электр станцияларының және оның желілерінің электр жабдықтарын көшіру бойынша	<p style="text-align: center;">СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разряды: 4)</p> <p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қажетті такелаждық аспаптарды таңдау.

<p>такелаждық жұмыстарды орындау</p>	<p>2. Жүк жүк көтергіш машиналар, механизмдер және арнайы құрылғылардың көмегімен жұмыс істеу.</p> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүк жүк көтергіш машиналар мен механизмдердің құрылысы. 2. Такелаждық жұмыстарды орындаған кездегі сигнал беру, такелаждық құралға рұқсат етілетін жүктемені есептеу әдісі, такелаждық құралдарды, қорғаныс құрылғылары мен оқшаулаушы аспаптарды сынау тәсілдері және мерзімі.
<p>2-еңбек функциясы Электр станцияларының электр жабдықтарының бөлшектерін өңдеу бойынша слесарлық жұмыстарды орындау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тығыздау және қысы әдісімен мыс пен алюминий сымдарды жалғау. 2. Бөлшектерді 7-10 сапалық белгі бойынша қиыстыра және жеткізе отырып слесарлық өңдеу. 3. Электр машиналарының қарапайым буындарына эскиз, сызбалар мен сұлбалар жасау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Слесарлық, монтерлық және өлшеу құрал-саймандарының, құрылғылардың, жарактың, өлшем құралдарының міндеті және құрылысы. 2. Шектеу және түсіру жүйесі.
<p>3-еңбек функциясы Электр станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын жөндеу бойынша жұмыстарды орындау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Электр жабдықтарын және кернеуі 35 кВ дейінгі ашық және жабық тарату құралдарының аппаратурасын бөлшектеу, жабдықтың кейбір бөлігін ауыстыра отырып жөндеу, монтаждау, алдын алу, реттеу және баптау. 2. Кабельді желілерді, кернеуі 35 кВ дейінгі кабельді аппаратураның кірме құрылғыларын бөлшектеу, жөндеу және монтаждау. 3. Қуаты 40 мың кВ·А кернеуі 110 кВ дейінгі күштік екі орамалы трансформаторларды, кернеуі 35 кВ дейінгі өлшеу трансформаторларын, қуаты 6,3 мың кВ·А кернеуі 35 кВ дейінгі пештік және дәнекерлеу құрғақ және майлы трансформаторларды техникалық тексеру және жөндеу. 4. Үлгілік номенклатура бойынша гидрогенераторлармен олардың қоздырғыштарын, түрлендіргіштерін ағымдағы және күрделі жөндеу. 5. Ақаулы бөлшектерді бөлшектеу, ауыстыру, кернеуі 110 кВ дейінгі герметикалық емес май толтырылған кірмелерді арматуралау, вакуум-кептіру, трансформаторлық маймен толтыру. 6. Реакторларды, доға сөндіргіш катушкаларды, керні ойылмаған күштік трансформаторларды тексеру. 7. Ашық тарату құрылғыларының тартылған құрылғыларының оқшаулағыштарын өлшеу. 8. Компрессорлық қондырғыларды жөндеу. 9. Жоғарыға өрмелейтін, кернеу астындағы жұмыстарды жүргізу ережесі, электртехника және механика негіздері. <p>Білімі:</p>

	<ol style="list-style-type: none"> 1. Электртехникалық жабдықтың құрылымының элементтері 2. Кернеуі 110 кВ дейінгі тарату құрылғыларының электротехникалық жабдықтарын жөндеген кезде, оқшаулау сыныбы 110 кВ дейінгі трансформаторға арналған орама мен оқшаулауды жасаған кезде, күштік кабельдерді, ұштық және жалғастырушы муфталарды, фидерлік және трансформаторлық шағын станциялардың аппаратуралары мен жабдықтарын, кернеуі 35 кВ дейінгі кабельді желілерді жөндеу, монтаждау және демонтаждау кезінде жұмыстарды орындау ережесі, анағұрлым тән ақаулықтар, оларды анықтау және жою тәсілдері. 3. Электр машиналардың олардың қоздырылу тәсіліне байланысты сұлбасы, роторлық бандаждардың мақсаты, щеткалардың маркалары және олардың қолданылу саласы, цилиндр қосылуларды орналастыру және оларды белгілеу. 4. Электр жабдықтарға алдын ала сынақ жүргізу және сынау аппаратурасы туралы негізгі мәліметтер, термосифонды және ауа сүзгіштердің, майлы трансформаторлар мен майлы реакторлардың азотпен қорғау қарапайым құрылғысының мақсаты мен құрылысы, кабельді аппаратура және кернеуі 110 кВ дейінгі күштік кабельдердің кірме құрылғысының, сыртық және ішкі құрылғыларға арналған әр түрлі құрылыстардың жалғастыру, бекіткіш және ұштық муфталарының мақсаты мен құрылымы. 5. Кабельдердің ток өткізгіш желілерін қосу және ұшпау тәсілдері, газ толтырылған кабельдер туралы жалпы мәліметтер. 6. Учаскенің кабельді желілері мен кірме құрылғылардың сұлбасы, кабельді желілерді пайдаланған жағдайда оларға жол берілетін ток жүктемесі, қолданыстағы кабельдер трассасында кабель тартудың технологиялық үдерісі, айналымдағы көп параллельді өткізгіштер жағдайында орамалардың алдыңғы бөлігіндегі жолдардың түрлері, статор, ротор және зәкірлерді орау сұлбасы.
<p>4-еңбек функциясы ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау</p>	<p>Білігі мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау. 2. Алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету. 3. Өрт қауіпсіздігі ережесін орындау. 4. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды орындау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыс алдындағы, жұмыс барысындағы, апатты жағдайлардағы, жұмыс аяқталардағы қауіпсіздік талаптары. 2. Зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету ережесі. 3. Жұмыскерлердің өрт қауіпсіздігі саласындағы міндеттері. 4. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары. 5. Өрт қауіпсіздігі ережесі.

	6. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР Экологиялық кодексі.
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
БТБА бойынша біліктілік деңгейі	5
Кәсіби білім деңгейі	СБШ бойынша 4-деңгей Негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім болған кезде және практикалық тәжірибенің үш жылдан кем емес болуы Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық немесе ортадан кейінгі білім) практикалық тәжірибенің болуы талап етілмейді.
Еңбек функциялары	1) Электр станцияларының және оның желілерінің электр жабдықтарын көшіру бойынша такелаждық жұмыстарды орындау 2) Электр станцияларының электр жабдықтарының бөлшектерін өңдеу бойынша слесарлық жұмыстарды орындау 3) Электр станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын жөндеу бойынша жұмыстарды орындау 4) ҚТ және ЕҚ талаптарын орындау
1-еңбек функциясы Электр станцияларының және оның желілерінің электр жабдықтарын көшіру бойынша такелаждық жұмыстарды орындау	СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4 (біліктілік разряды: 5) Білігі мен дағдылары: 1. Жабдықтың бөлшектері мен элементтерінің аса күрделі және негізгі буындарының орнын ауыстыру, бөлшектеу және орнату бойынша такелаждық жұмыстарды орындау. Білімі: 1. Жүк көтергіш машиналарға, механизмдер мен жүк қармауыш құрылғыларына қойылатын талаптар. 2. Такелаждық жұмыстарды жүргізу ережесі.
2-еңбек функциясы Электр станцияларының электр жабдықтарының бөлшектерін өңдеу бойынша слесарлық жұмыстарды орындау	Білігі мен дағдылары: 1. Бөлшектерді 6-7 сапалық белгісі бойынша қиыстыру және бабына жеткізіп өңдеу арқылы аса күрделі слесарлық операцияларды орындау. 2. Фарфор мыс және күміс дәнекерлерді пайдалана отырып қолдың жетуі қиын жерлерді дәнекерлеу. Білімі: 1. Слесарлық, монтерлық және өлшеу құрал-саймандардың, құрылғылардың, жабдықтардың, өлшеу құралдарының, қорғаныс құралдарының міндеті және қондырылуы; рұқсат беру және ортану жүйесі. 2. Дәнекерлеу, жалғаулар, түрлері; пісіру технологиясы, құрал-саймандар.
3-еңбек функциясы Электр станцияларының құрылғылары мен жабдықтарын	Білігі мен дағдылары: 1. Электр станциясының күрделі электр техникалық жабдықтарын: барлық үлгідегі және қуатты кернеуі 110-330 кВ тарату құрылғысын, кернеуі 110-220 кВ күштік трансформаторларды, салмақ

<p>жөндеу бойынша жұмыстарды орындау</p>	<p>астындағы кернеуді реттеу құрылғысымен және мәжбүрлеп айналдырумен екі және үш орамалы трансформаторларды, кернеуі 110-220 кВ өлшеу трансформаторлары мен арнайы мақсаттағы трансформаторларды, кернеуі 500 Кв дейінгі алғашқы коммутациялы электр жабдықтары мен аппаратураны, тұрақты және ауыспалы ток электр машиналарын, синхронды және асинхронды қозғалтқыштар мен генераторларды демонтаждау, жөндеу, монтаждау, қайта өңдеу, реттеу және баптау.</p> <p>2. Кернеуі 110-330 кВ кірмелердің оқшаулағыштары мен тығыздатқыштарын жекелеп және толық ауыстыра отырып жөндеу.</p> <p>3. Роторлық жіктің гильзасын жасау, роторлық бандаждардың буындарын қайта өңдеу және жөндеу.</p> <p>4. Ток өткізгіштерді жөндеу және қайта өңдеу.</p> <p>5. Түйіспе сақиналар мен коллекторларды жөндеу және ауыстыру.</p> <p>6. Білікті мойынының майысуы мен тозуына тексеру.</p> <p>7. Агрегаттардың біліктерін орталықтандыру.</p> <p>8. Электр машиналарын сынауға қатысу.</p> <p>9. Бөлшектерді ыстық күйінде орналастыру, кернеуі 35 кВ жоғары май және газ толтырылатын кабельді желілерді жөндеу және монтаждау, оларды арматурлау және аппаратуралары</p> <p>11. Май толтырылатын кабельдердің муфгаларын кептіру, вакуумдау және май құю.</p> <p>12. Электр бөлігінің ақаулықтарын жою және күрделі құралды, аспапты, жүк жүк көтергіш машиналарды жөндеу, оларды сынау.</p>
	<p>Білімі:</p> <p>1. Генераторлардың, түрлендіргіштердің және басқа да күрделі электр техникалық жабдықтың құрылысының ерекшелігі мен жұмыс істеу қағидасы.</p> <p>2. Күштік майлы трансформаторлардың, арнайы мақсаттағы трансформаторлардың, тарату құрылғылары аппаратураларының негізгі параметрлері және техникалық сипаттамасы.</p> <p>3. Фазалық қысқа тұйықталған роторы бар үйлесімсіз электр қозғалтқыштарының, синхронды қозғалтқыштар мен генераторлардың жұмыс қағидасы</p> <p>4. Трансформаторлардың орамалары мен оқшаулағыштарының бұзылу белгілері мен себептері.</p> <p>5. Жоғары кернеулі кабельдер мен муфгаларды оқшаулау ерекшелігі.</p> <p>6. Май толтырылған кабельдердің, арматураны мақсаты мен құрылысы және олардың аппаратурасы.</p> <p>7. Май толтырылған кабельдерді сақтау ерекшеліктері, жөнделетін электр техникалық жабдықты сынау нормалары мен ауқымы.</p> <p>8. Май шаруашылығының сұлбасы, күрделі сызбаларды, сұлбаларды, эскиздерді оқу ережесі</p>

